


Бекітемін: 
Мектеп директоры: М.Есембаев



«С.Сейфуллин атындағы Жаңалық орта мектебі» ҚММ
«Балдәурен» шағын орталығы

Келісемін: 
Әдіскер: А.Әсемханова

«Айгөлек» ортаңғы тобына арналған
2023 – 2024 оқу жылының
циклограммалары

Тәрбиешілер: Г.Алимсейтова
М.Аймуханбетова

2023-2024 оқу жылы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Балдәурен» шағын орталығы

Топ: «Айгөлек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 01 қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі 01.09.22	Жұма 01.09.22
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу.				Баланың денсаулығы, көңіл-күйі туралы білу. Дидактикалық ойын: «Санына қарай салыстыр» Ойын мақсаты: "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. (Математика негіздері, құрастыру)
Таңертеңгі гимнастика	Таңертеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру түрлері, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары . Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. «Үйшік» «Биік те, аласа да емес» Б.к. н.т.1-3- қолды жоғары көтереміз;				

	<p>Б.қ. «Үйшікте кім тұрады?» Б.қ. тік тұру, қол белде, аяқ алшак; 1-2- оңға бұрылу; 3-4- б.қ. 5-6- солға бұрылу; 7-8- б.қ. «Аласа үйшікте кім тұрады?» Б.қ. т.с. 1-2- отырып, қолды еденге қою;3-4- б.қ. «Үйшікте аңдар тұрады» Б.қ. аяқ сәл алшак, қол белде, орнында аңдар қимылын имитациялау; «Жеңіл жүру» Шеңбер бойымен жүру(Дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Ойын- жаттығу: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>				
Ойындар, ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Қанат жаям жалма –жан, Талпынғандай ұшуға. Иліп қол созамын, Аяғымның ұшына.(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері					<p>Қазақ тілі Тақырыбы: «Дәрігерде» Міндеті: Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; ҰІӨ барысы: Шаттық шеңберінде бір-біріне жағымды көңіл-күй сыйлау. -Армысың –Ару аспан -Армысың –Жер Ана Амансыңдар ма, достарым,</p>

					<p>Сендерді көрсем қуанам! Тіл жаттығуы: «Үрлеу» Сюжетті-рөлді ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Шарты: Дәрігерге бару арқылы сұрақтарға жауап беру, тіл жаттығуын орындау. Еркін ойындары. «Телефон» әдісі арқылы қорытындылау. Жетондар тарату арқылы қызығушылықтарын ояту.</p>
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:					<p>Серуен № 1 Бұлтты бақылау Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будақ, қабатты бұлиларды ажырату. Еңбек: Ауладағы гүлдерді</p>

					<p>суару.</p> <p>Мақсаты:Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Жеке жұмыс:</p> <p>Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт)</p> <p>Мақсаты:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.</p> <p>(Көркем әдебиет)</p> <p>Ойын: «Кімге қандай құрал керек?»</p> <p>Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Қимылды ойын: «Соқыр теке».</p> <p>Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі</p>
--	--	--	--	--	---

					байланған «соқыртеке» жіберіледі. Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ», - деп мазақтап түртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртеке» болады. Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды. Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. (Дене шынықтыру) Дербес ойындар: 1. Әткеншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу.
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін өздері шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. (Дене шынықтыру)				
Түскі ас	Әңгіме жүргізу. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-					Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.

тыру шаралары					(Көркем әдебиет)
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс					Шығармашылық дағды қалыптастыру. Балаларға ермексиз тарату, өз еркімен мүсіндеу. Ермексиздің қасиеттерімен танысу. (Мүсіндеу, жапсыру)
					Асадқа көзбен бағдарлай отырып, қоянның қимылына еліктеп секіруге үйрету. (Дене шынықтыру)
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу.				
Серуен					Серуен № 1 Бұлтты бақылау
	Таңертеңгі серуен бақылауын бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.				

